

«Әділет» дебат клубының ЖОСПАРЫ

Координатор: Тулегенова А.У.

ТҮСІНІК ХАТ

«Дебат қозғалысы – жаңа заман талабы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Студенттердің пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында студенттер белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Жас пікірсайысшылар ең танымал және көп таралған АПФ (Американдық Парламенттік Форматы) форматында ойнайды. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде студенттер кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан студенттерді, сонымен қатар парламент мүшелерін бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес.

Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, студенттердің лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршеңдігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады..

Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Студенттерді қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Студенттер арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Студенттердің жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Студенттердің коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Студенттің өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.
- Білікті, оқу – тәрбие беру;

Күтілетін нәтиже:

- Студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Студенттердің өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Студенттердің бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді.
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады.
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады.
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

«Әділет» дебат клубының жоспары

	Пікір сайыс туралы түсінік		
1	Пікір-сайыс деген не?	Дәріс	Қыркүйек 2024
2	Пікір-сайыс принциптері.	Дәріс	
3	Пікір-сайыс стильдері.	Дәріс	
4	ЖОО байланыс	Тренинг	
5.	«Рухани келісім күні бойынша» іс-шара өткізу	Пікір-талас	Қазан 2024
6	Қарар жазу түрлері, үлгілері.	Дәріс	
8	Қарар шығару.	Дәріс	
10	«Тіл тағдыры – ел тағдыры»	Пікір-талас	
11	Критерий – мақсаты. Критерий құндылығы.	Дәріс	
12	Қарар	Пікір-талас	Қараша 2024
13	Қарарға арнап критерий шығару, оған сараптама жасау. Критерийді негіздеу	Дәріс	
13	Дебат ұйымдастыру «Гражданин мира и человек без родины –одно и то же»?	Пікір-талас	
14	Критерийдің қарар және аргументтермен байланысы.	Дәріс	
15	Энциклопедиялық сөздікпен жұмыс жасау.	Дәріс	Желтоқсан 2024
16	Дебат ұйымдастыру. «Бұл палата білімді болу-тәрбиенің ең жоғарғы шегі» деп есептейді	Пікір-талас	
17	Ақыл шабуылы-аргумент құрастырудағы алғашқы қадам.	Дәріс	
18	Тәуелсіздік бәрінен қымбат	Пікір-талас	
19	Аргумент құрастыру.	Дөңгелек үстел	Қаңтар 2025
20	Аргумент құрылысы.	Дәріс	
21	Аргументті қолдау.	дөңгелек	

		үстел	
22	Дебат ұйымдастыру. «Діни сауаттылық – өскелен ұрпақ негізі».	Пікір-талас	
23	Зерттеу мен дәлелдер. Мәлімет жинау, мамандармен сұхбат.	Дәріс	Ақпан 2025
24	Дәлелдердің түрлері: куәландыру, фактілер, статистикалық мәліметтер, шолулар.	Дәріс	
22	Жақтау кейсінің үлгісі. Даттау кейсінің үлгісі.	Дәріс	
23	Дебат ұйымдастыру. «Заманауи ғылым және білім».	Пікір-сайыс	
25	Спикерлердің рольдері.		Наурыз 2025
26	Каждый ученик должен играть на музыкальном инструменте. Each student must play a musical instrument	Пікір-талас	
27	Нәтижелі сұрақ қою әдістері.	Дәріс	
28	Сұрақтардың тізбегін құрастыру.	Пікір алмасу	
29	«Кандидаты в депутаты»	Дәріс	Сәуір 2025
30	Қарсы сұрақ – жауап кезіндегі спикерлердің өзін-өзі ұстауы. БП «Электрондық кітапханалар адамзаттың тарихи-мәдени мұрасының құнсыздануына әкеледі», -деп санайды.	Пікір-талас	
31	«Реклама создает искусственные потребности»	Дәріс	
32	Дебат ұйымдастыру. «Қазақстандағы панасыз жәнәтәләс мүгедек балалар»	Пікір-талас	
33	Детям нельзя позволять пить газировку. Children should not be allowed to drink soda.	Пікір-талас	Мамыр 2025
34	«Эта палата предлагает ввести обязательную школьную форму»	Пікір-талас	
	Қорытынды.		

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

“Асмет Ұлас” жоғары педагогикалық колледжі



Қадырбаева Ұ.Қ.
2024ж

«Әділет» дебат клубының
ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы